

Қарағанды облысының әкімі С.Н.Ахметовтің халық алдындағы есебі

Елбасының «Жаңа он жылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы мемлекетіміздің қоғамдық-саяси өміріндегі аса маңызды оқиға болып отыр. Осы құжатта Елбасы дағдарыс кезеңі дұрыс шешімдер қабылдаған уақыт болды деп атап өтті. Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс экономиканың өсу қарқынына ықпал етті, бірақ біздің дамуымызды тоқтатқан жоқ. Жинақталған экономикалық әлеует дағдарысты еңсеріп, өсу траекториясына шығуға мүмкіндік берді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап өткендей, біз еліміздің қаржы жүйесін қорғап, жүйе құраушы банктерді сақтап қалдық, шағын және орта бизнесті қиыншылықта қалдырмадық. Ұлттық және трансұлттық компаниялардың мемлекеттік сатып алуларындағы «қазақстандық үлестің» болмаған өсіміне қол жеткіздік. Агроөнеркәсіптік кешенге бұрын-сонды болмаған көмек көрсеттік. Мемлекет үлестік құрылысты аяқтау жөніндегі барлық шығындарды өз мойнына алды. «Жол картасы – 2009» бағдарламасы тұтас ел бойынша тұрғын үй – коммуналдық шаруашылықты реконструкциялау жөнінде жүздеген жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді, мыңдаған километр электр желісі, сумен жабдықтау желілері, жылу трассасы, автомобиль жолдары жөнделді, жүздеген мектептер мен ауруханалар, мәдениет пен спорт нысандары тәртіпке келтірілді.

2030 жылға дейінгі Қазақстанның Даму стратегиясының қарпі мен рухын негізге ала отырып, біз ХХІ ғасырдың алғашқы он жылдығына белгіленген барлық міндеттерді шештік. Енді біз 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясын орындауға кірісеміз, деп атап өтті Елбасы халыққа Жолдауында.

2020 Стратегиялық жоспарын Мемлекет басшысы көшбасшылыққа қазақстандық жол ретінде белгіледі. Осыған орай әрбір өңірге мыналарды жасау керек:

- экономиканы дағдарыстан кейінгі дамуға әзірлеу;
- жедел индустриаландыру және инфрақұрылымды дамыту есебінен экономиканың тұрақты өсуіне қол жеткізу;
- адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін болашаққа белсенді инвестициялау;
- қазақстандықтарды сапалы әлеуметтік және тұрғын үй – коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету;
- ұлтаралық келісімді нығайту, ұлттық қауіпсіздікті арттыру, халықаралық қарым-қатынасты одан әрі дамыту.

Осы міндеттерді өңірлік деңгейде шешуге Қазақстанның аса ірі өнеркәсіп орталығы – Қарағанды облысы өз үлесін қосуы тиіс. Бұл үшін біз қажетті әлеуетке иеміз, соның айқын айғағы – өткен жылдың қорытындысы.

Алдымен қолданған шаралар арқылы өңір экономикасының нақты секторында жағдайды тұрақтандыруға қол жетті. Бірінші кезекте бұл

«АрселорМиталл Теміртау» және «Қазақмыс» корпорациясы сияқты жүйе құрушы кәсіпорындарға қатысты. Нәтижесінде өнеркәсіптік өндірістің өсімі үдерісі байқалды да 2009 жылдың қорытындысы бойынша оның көлемі 817,4 млрд. теңгені құрады.

Өнеркәсіптік өндіріс қарқынының өсуі жұмыс істеп тұрғандарды кеңейтіп, жаңа кәсіпорындар құруға көмектесті. 23 жаңа өндіріс ашылды, соның ішінде «Казцентрэлектропровод» ЖШС-да талшықты-оптикалық кабель, «Азия Метиз СУ» ЖШС-да түрлі мақсаттағы болат сым, «Карцемент» АҚ-да цементті құрғақ әдіспен шығару жөніндегі технологиялық желі және басқалар. Осылардың арқасында өнеркәсіп саласында және орта кәсіпкерлікте жаңа 4700-ден астам жұмыс орны құрылды.

Экономиканың барлық салаларына инвестициялар 229 млрд. теңгені құрады, бұл 2008 жылдың көрсеткішінен 3,2 % артық.

Үстіміздегі жылдың басынан бастап Қарағанды облысында, Қазақстанның барлық өңірлеріндей Елбасының тапсырмасы бойынша жасалған үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бесжылдығын жүзеге асыру басталды. Аса маңызды жобалар жүзеге асырылады, онда ішкі тұтынуға және экспортқа бағдарланған соңғы өнім шығаруға бағыт алынады. Бұл химия, фармацевтика өнеркәсібі, агроөнеркәсіп кешені, металлургия, кен өндіру саласы, құрылыс индустриясы, энергетикаға қатысты.

Біз ұсынған жалпы сомасы 587 млрд. теңге 42 жобаның құны 58 млрд. теңге 16-сы Индустриализация картасына енді. Оларды жүзеге асыру 1 мыңнан астам жұмыс орнын құруға жағдай тудырады.

Қарағанды облысы елдің аса ірі индустриалдық өңірі болып табылатындықтан өнеркәсіптік әлеуетті дамыту жөнінде жүйелік шаралар жасап, өндіру міндетін қойып отырмыз. Осыған байланысты базалық салаларды дамыту концепциясын жасау басталды. Қазіргі жағдайда біз тек өсімнің ішкі резервіне ғана арқа сүйейтіндігіміз түсінікті болуға тиіс.

Биліктің жергілікті органдары қызметінің басты бағыттарының бірі отандық өндірушілерді қолдау болып табылады. Осы мақсатта отандық товар өндірушілерден товарлар мен қызметтерді сатып алуды барынша орналастыру жөнінде жұмыс жүргізілді. Бұл өз кезегінде халықты жұмыспен қамтудың, кәсіпорындардың, шағын және орта бизнес субъектілерінің іскерлігін арттырудың бір көзі.

Шағын және орта бизнес субъектілерін жүйе құрушы кәсіпорындардың төңірегіне топтастыру жөнінде жұмыс басталды. Мұның өзі ұзақ мерзімді келісім-шарттар жасап, олардың жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз етуге көмектеседі. Мысал ретінде «АрселорМиталл Теміртау» АҚ-ның сортты прокат өндірісі үшін квадрат дайындамалар әзірлейтін «Вторпром» ЖШС мен өзара байланысын келтіруге болады. Ал, «Минова Қазақстан» компаниясы шахталарды кен қазындыларын анкерлік бекіту үшін полиэфирлі смоладан жасалған ампулалармен қамтамасыз етеді. «Қазақмыс» корпорациясы «Казцентрэлектропровод» ЖШС-ға мыс бере отырып орнына кабельдік – сым өнімдерін алады.

Қазақстандық үлесті арттыру бағдарламасы аясында есепті кезеңде біздің

товар өндірушілеріміз жалпы сомасы 135 млрд. теңгеге жуық товарлар өндіруге, жұмыстар орындап, қызмет көрсетуге 452 келісім-шарт жасады. Мұнда келісім-шарттардың 40%-ке жуығы шағын және орта бизнес субъектілеріне келеді. Біз товарларды сатып алудағы үлесті 70%-ке дейін, ал жұмыстар мен қызметтерді – 90%-ке дейін жеткізбекпіз. Билік органдары қызметіндегі басым мәселе бизнестік ахуалды жақсарту болып табылады. Өңірде қазіргі уақытта 41 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері бар. Мұнда экономикалық белсенді халықтың 18%-ы, немесе 151,7 мың адам жұмыспен қамтылған.

Өткен жылы екінші деңгейдегі банктер арқылы «Даму – өңірлер» бағдарламасы бойынша жеңілдік шартымен 1 млрд 180 млн. теңге сомаға 33 жоба несиеленді. Бұл инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды бастап, қолда барларды сақтап қалуға және жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар тұрақтандыру бағдарламасының 3 траншы бойынша 7 млрд. 599 млн. теңге сомаға 240 кәсіпкер қаржыландырылды. Ұқсату өнеркәсібімен айналысатын кәсіпкерлерді қолдау үшін Стресстік активтер қорының 21 кәсіпорынды несиелеу үшін 3,1 млрд. теңге қатыстырылды.

Селолық жерлердегі шағын және орта бизнесті және шағын несиелеуді «НУХ КазАгро» АҚ-ның еншілес ұйымдары арқылы қаржыландыру үшін облыстық бюджеттен 200 млн. теңге бөлінді. Осы бағдарлама бойынша қаржы толық игерілді, мұның өзі 200-ден астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. «Агро-Консалтинг – К» АҚ «Қарағанды Агро – Орталық» ЖШС коммуналдық меншік кәсіпорындар арқылы ауыл шаруашылық техникасын лизингілеу жолымен, сондай-ақ жеміс – көкөніс өнімдерін өңдеу, сақтау және сатумен айналысатын кәсіпорындарға облыстық бюджеттен 975 млн. теңге бөлінді.

Облыста кәсіпкерлікті қолдау аясында «Бизнес – Кеңесші» қаржылық емес бағдарламасы жүзеге асырылды, ол халықты және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлерді бизнесті құру және тиімді жүргізу негізіне оқытуға бағытталған.

2009 жылы облыстың жүйе құрушы кәсіпорындары өз қызметінің әлеуметтік бағытта екендігін тағы да бір дәлелдеді. Олар және облыстық әкімдік арасында қол қойылған меморандумдарға сәйкес тұрғын үйлер және әлеуметтік нысандар салынды, қалалар мен кенттерді абаттандыру жөнінде жұмыстар жүргізілді, балалар үйлері мен мектеп-интернаттар үшін автобустар сатып алынды, денсаулық сақтау, мектепке дейінгі балалар мекемелері үшін қаржы бөлінді, аз қамтылған азаматтарға көмек көрсетілді.

Тұтасымен облыста тұтынушыларды электр мен және жылу мен қамтамасыз ету тұрақты жағдайда. Облыстың қалалары мен аудандарында орталықтандырылған жылу мен жабдықтау тораптарының жылу және гидравликалық режимі ретке келтірілген. Жылу беру маусымына дайындық аясында жоспарланған барлық шаралар орындалды. Облыстың барлық жылу көздерінде отынның нормативті қоры бар. Қарағанды мен Шахтинскінің жылумен жабдықтау жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында 2009 жылы облыстық бюджеттен 2 млрд. 332 млн. теңге бөлінді.

Селолық аумақтарды дамыту мемлекеттік бағдарламасы және энергетиканы дамытудың өңірлік бағдарламасы аясында Қарқаралы ауданының

Едірей және Ақтоғай ауданының Ақсеңгір ауылдарында орталықтандырылған электрмен жабдықтау тораптарының құрылысы бойынша жобаларды жүзеге асыру басталды. Шет ауданының Деріпсал аулында орталықтандырылған электрмен жабдықтау қалпына келтірілді.

«Ауыз су» өңірлік бағдарламасын дәйекті жүзеге асыру жалғасуда. Оның аясында 118 елді мекенде су шаруашылық ғимараттары қайта құрылды, осы мақсатта барлық көздерден 11 млрд. теңге бөлініп игерілді, мұның өзі облыстың 170 мыңға жуық тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Үстіміздегі жылы «Ауыз су» бағдарламасы бойынша 26 елді мекенде су құбыры торабын қайта құру және салу жұмыстары орындалатын болады. Бұл тағы да 20 мыңға жуық адамды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етеді.

Облыстың өңірлерінде 2006 жылдан 2009 жылға дейін «Менің аулам» бағдарламасы жасалып, жүзеге асырылды. Бағдарламаны орындау барысында 1495 аула абаттандырылды. Бұл жұмыс жалғасын табады.

«Жол картасы» аясында 2009 жылы Балқаш, Қаражал, Шахтинск қалаларын абаттандыру жұмысына 53,2 млн. теңге бөлініп, игерілді. Бөлінген қаржы контейнерлер алаңқайын орналастыруға, көшелер мен тротуарларды жарықтандыруды қалпына келтіруге, қиратылған үйлерден күл-қоқыс шығаруға жұмсалды. Үстіміздегі жылы қалалар мен аудандардың елді мекендерін абаттандыру жұмысына «Жол картасының» 40 жобасын жүзеге асыру шеңберінде 975,7 млн. теңге бөлінді. Қаржы мемориалдарды, скверлерді, аллеяларды жөндеуге және абаттандыруға, тротуарлар мен көшені жарықтандыруды қалпына келтіруге, көгалдандыру және жасыл желекті күту жұмыстарына, контейнер алаңдарын жасауға жұмсалатын болады.

Агроөнеркәсіп кешенін дәйекті дамыту жалғасты. 2009 жылдың қортындысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі қолданып жүрген бағада 80 млрд. теңгеден асты. Жалпы өнімінің индексі 2008 жылға 109,9%-ды құрады. Дәнді дақылдардың жалпы түсімі 601,3 мың тоннаға жетті, бұл 2008 жылғы деңгейден 58 пайыз артық. Картоп пен көкөніс өндірісі ұлғайды. Мал шаруашылығында ет, сүт өнімдері артты. Малдың барлық түрінің саны өсті. Осының бәрі ұқсату өнеркәсібі шығаратын өнімнің өсуі үшін жақсы негіз қалады. Мәселен айғақты көлем индексі 104,8%, ал өндіріс көлемі – 59,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2008 жылғы деңгейден 2,4 млрд. теңге жоғары.

Ауыл шаруашылығының материалдық техникалық базасын нығайту жөнінде шаралар қолданылды. Жалпы күні 2 млрд. 485 млн. теңге 216 бірлік ауыл шаруашылық техникасы, 37 себу кешені, 15 түрлі маркалы трактор, 60 астық комбайны және 104 бірлік басқа да ауыл шаруашылық техникасы сатып алынды.

Агроөнеркәсіп кешенін одан әрі дамыту үшін мынадай шаралар қолданылатын болады:

- инвестициялық-инновациялық жобалар тізімін жасау;
- ылғал сақтаушы технология бойынша дәнді дақылдарды өсіретін алқаптарды ұлғайту, ауыл шаруашылық техникасын жаңарту;
- суармалы жерлерді қайра түлету, бірінші кезекте картоп пен көкөніс

алқаптарын кеңейту есебінен;

- бордақылау алаңдарын, товарлы сүт фермаларының санын арттыру;
- кен ауқымды селекциялық, асыл тұқымдандыру жұмысын ұйымдастыру есебінен мал шаруашылық өнімдерінің сапасын арттыру;
- ауыл шаруашылығы малдарын сою орындарының, сою алаңдарының құрылысы, бұл мал шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді;
- әрбір селолық округте және кентте наубайхана кәсіпорындарын ашу;
- 2-3 жыл ішінде ет өңдеу кешендері құрылысы канцепциясын жасау, Шахтискідегі нан заводын оңалту.

Үстіміздегі жылы 2008-2010 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аяқталады. 2009 жылдың қорытындысы бойынша облыста 491 мың шаршы метр тұрғын үй іске қосылды, бұл 2008 жылға 101%. Облыстың 4 мың 700-ден астам отбасы қоныс майын тойлады. Республикалық бюджеттен несиелік, арендалық тұрғын үй құрылысына және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға бөлінген 4 млрд. 484 млн сомасындағы қаржы толық көлемде игерілді. 2009 жылы тұрғын үй құрылысына 15,8 млрд. теңге салынды.

2010 жылға Республикалық бюджеттен мынадай қаржы көзделген: 849 млн. теңге 13,3 мың шаршы метр несиелік тұрғын үйді, 820 млн. теңге 14, 5 мың шаршы метр мемлекеттік арендалық тұрғын үйді және 2 млрд. 109 млн. теңге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға.

Қарағанды облысында Президенттік «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасын орындау қарқынды жүргізілуде. Соған сәйкес 2008 жылы 3 орта мектеп Абай, Балқаш және Сәтбаев қалаларында, сондай-ақ Қарқаралыда техникалық лицей, Теміртауда 500 адам қабылдауға арналған емхана іске қосылды. 2009 жылы Бұқар жырау ауданының Ботақара кентінде 200 адам қабылдайтын емханасы бар 100 орындық орталық аудандық аурухананың және Сәтбаевта 500 адам қабылдайтын емхананың құрылысы аяқталды. Үстіміздегі жылы Қарағанды облыстық қан орталығының құрылысы және жоспардан тыс Қарағанды қаласында кардиохирургиялық орталықты қайта құру жалғасады.

Елбасының мектепке дейінгі білім мекемелерін дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес облыста 2009 жылы Қарағанды, Сәтбаев және Балқаш қалаларында 4 балабақша іске қосылды. Ал үстіміздегі жылы Теміртауда және Бұқар жырау ауданының Доскей аулында екі балабақша пайдалануға беріледі. Қарағанды мен Теміртауда 2 жаңа балабақшаның құрылысы басталып, Жаңаарқа ауданының Ақтау және Ескене ауылдарында мектеп құрылысы жалғасады. 2010 жылы Саран қаласында 500 орындық психоневрологиялық интернат үйінің құрылысы аяқталады. Жезқазған және Балқаш қалаларын дамытудың бас жоспарлары жасалып, Үкіметке бекітілуге ұсынылды. Қарағанды облысының мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жасау жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Үлескерлердің мүдделерін сақтау жөнінде шаралар қолданылды.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде Қарағандыда «Сарыарқа» тұрғын үй кешенінің 3 блогын пайдалануға беру қамтамасыз етілді, ал жақын арада төртінші 16 қабаттық блогын беру жоспарлануда. Осындай жұмыс Жезқазған мен Сәтбаев қалаларында жүргізілді.

Тұтасымен алғанда Қарағанды облысында үлескерлердің ақшалай қаржысын қатыстыру арқылы құрылыс салу жөніндегі жағдай тұрақты және үнемі бақылауда тұр.

Биліктің атқарушы органдарының экономиканың нақты секторын дамыту жөнінде жүргізген жұмысы 2009 жылдың қорытындысы бойынша жақсы қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Өткен жылы облыс бюджетіне 137,7 млрд. теңге түсті немесе бұл жоспардың 101,8 %, мұның өзі 2008 жылмен салыстырғанда 22,4 млрд. теңге артық. Республикалық бюджеттен «Жол картасы» шараларын жүзеге асыруды қосқанда 73 млрд. теңге трансферт түсті, бұл 2008 жылы алынғаннан үштен бірге көп. Облыс бюджетінің шығындары 20,9 млрд. теңгеге артып, 136,6 млрд. теңгені құрады. Товарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемі өткен жылы 43,5 млрд. теңгені құрады. Қазақстандық үлеске ерекше назар аударылды, оның сатып алынған товарлардағы жұмыстардағы және қызметтердегі деңгейі 86,4% болды.

2010-2012 жылдарға арналған бюджеттік қалыптастыру жөнінде үлкен жұмыс жүргізілді.

Елбасының тапсырмасы бойынша 1 қаңтардан бастап 25 пайызға зейнетақы ұлғайды және 1 сәуірден бюджеттік қызметкерлердің жалақысы артатын болады.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығын мерекелеуге байланысты биыл ардагерлердің жеңілдікпен жүріп-тұруына және әрқайсына бір мезгілдік материалдық көмек көрсетуге қаржы көзделген.

Халықты әлеуметтік қорғау мәселелері биліктің жергілікті органдарының тұрақты назарында. Дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыру мақсатында облыста өңірлік жұмыспен қамту картасы жасалған болатын. «Жол картасы» есебінен қаржыландыру көлемі 13 млрд. теңге көлемінде белгіленді. Оның ішінде 12 миллиардтан астамы әлеуметтік және тұрғын үй – коммуналдық саланың 610 нысанын жөндеуге бағытталды. 2010 жылдың 1 қаңтарына бөлінген қаржы толық көлемде игерілді, барлық нысандарда жөндеу жұмыстары толық аяқталды. 27 мыңнан астам адам еңбекке орналастырылды, соның ішінде 22 мыңнан астамы - жұмыспен қамту органдарының жолдамасы бойынша. Осы бағдарламаның аясында 2009 жылы республикалық бюджет қаржысы есебінен облыстың кәсіпорындары мен ұйымдарында 7626 жұмыс орны құрылды, соның ішінде 4836-сы әлеуметтік және 2790 орын жастар практикасы үшін.

2010 жылы «Жол картасы» бағдарламасы бойынша 12,2 млрд. теңге сомаға 509 нысанды жөндеу жоспарланып отыр, бұл 13667 адамды жұмыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге өңірлік жұмыспен қамту бағдарламасы аясында жергілікті атқарушы органдар тарапынан халықты белсенді әлеуметтік қолдау шаралары қолданылды. Мәселен, 2009 жылы

жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің делдалдығымен 62 мыңға жуық адам еңбекке орналастырылды, қоғамдық жұмыстарға 12 мыңнан астам жұмыссыздар қатысты, кәсіптік дайындауға, қайра дайындауға және біліктілігін арттыруға 8212 адам («Жол картасын» ескере отырып) жіберілді.

Тұтас облыс бойынша кедейшілік деңгейі 0,9% құрады, бұл 2008 жылмен салыстырғанда 0,2 пайыздық пунктке төмен. 2009 жылы әлеуметтік жәрдемақыны төлеуге 730 млн. теңгеге жуық қаржы бөлінді.

Облыста жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің есебінде 49,4 мың мүгедектер мен 28 мың ардагерлер тұр. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орындары арқылы 1,5 млрд. теңгеден астам қаржы мүгедектерге, ардагерлерге және мұқтаж азаматтардың басқа да санаттарына көмек көрсету үшін жұмсалды.

2010 жылы Ұлы Отан соғысының барлық ардагерлері әлеуметтік қолдаудың шараларымен қамтылатын болады, бірінші кезекте Жеңіс күніне материалдық көмек түрінде төлемдер төленеді.

2009 жылы 9 интернат үйлерді ұстап тұруға 1 млрд 762 млн. теңге бөлінді немесе 2008 жылмен салыстырғанда 905 млн. теңге артық. Бұл арнайы әлеуметтік қызметтерді заманауи стандарттарға жақындатуға мүмкіндік берді.

Есепті кезеңде халықты мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданылды. Қазіргі уақытта мектепке дейінгі балалар мекемелерімен қамту 2008 жылғы 65,7%-дан 70,9%-ға дейін жеткізілді. Білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту жалғасты. Физика, химия және биологияның 402 заманауи кабинеті, 221 мультимедиялық және лингафон кабинеті жарақтандырылды, 267 мектепте 950 интерактивті тақта орнатылды. Білім беру ұйымдарын компьютерлендіру жалғасуда, ескірген компьютерлерді алмастыру басталды. Барлық жалпы білім беретін мектептер Интернетке қосылды, ал 286 мектеп кен жолақты Интернетке шыға алады.

Техникалық және кәсіптік білім беру жөніндегі оқу орындарының торабы тұрақтандырылды, іс жүзінде әрбір өңірде кәсіби лицей, колледж немесе олардың филиалы жұмыс істейді. 2009 жылы 245 білім беру нысанына күрделі жөндеу жүргізілді, осы мақсатқа бөлінген 3 млрд. теңге толық игерілді.

Қарағанды облысының атқарушы билік органдары денсаулық сақтау саласында Елбасы қойған міндеттерді шешу жолында үлкен жұмыс атқарды. Саланы қаржыландыруға 29,5 миллиард теңге бөлінді. Бұл 2008 жылдан 24% артық. Денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық базасы нығайтылды. Мұның өзі халыққа медициналық көмек көрсетуде белгілі дәрежеде сапалық өзгерістерге жетуге мүмкіндік берді. Мұны алдымен медициналық-демографиялық көрсеткіштер айғақтайды. Егер 2006 жылы облыста 19,5 мың бала туса, кейінгі екі жылда бұл көрсеткіш 23 мыңнан асты.

Туберкулез сияқты әлеуметтік маңызы бар ауру бойынша эпидемиологиялық жағдай жақсарды. Ол тұрақтандырылып қана қоймай, туберкулезбен ауыру саны 2008 жылдың деңгейіне 18% төмендеді, ал өлім-жітімге ұшырау 16%-ға кеміді.

Жаңа құрылыстар салынумен бірге қолда бар медицина ұйымдары

стандартқа сәйкестендірілуде. Өткен жылы облыстың 52 медицина ұйымында «Жол картасы» аясында жөндеу жүргізілді. Осы мақсатқа 2,6 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Бұл - еліміз бойынша денсаулық сақтау саласына бөлінген ең ірі қаржыландыру көлемі. Ағымдағы жылы 2 млрд. теңгеге жуық қаржы тағы 61 медицина нысанын жөндеуге жоспарланып отыр.

Атап өту керек, ағымдағы жылдың қаңтарынан бастап облыстың медицина ұйымдары Денсаулық сақтаудың Бірыңғай ұлттық жүйесі жағдайындағы жұмысқа көшті. Ол үшін бюджеттен 10 млрд-тан астам теңге республиканың Денсаулық сақтау министрлігі ретіндегі бірегей төлеушіге бөлінді. Енді облыстың денсаулық сақтау жүйесі алдында мемлекет кепілдік беретін халыққа медициналық қызмет көрсетуді толық көлемінде қамтамасыз ету жөніндегі негізгі міндет тұр.

2009 жыл өңірдің мәдени өміріндегі көптеген маңызды оқиғалармен атап өтілді. Олардың қатарында Біржан сал Қожағұлының туғанына 175 жыл толуына арналған Қазақстан театрларының ХҮІІ республикалық фестивалі, Ж.Елебеков атындағы халық әндерін орындаушылардың республикалық конкурсы, «Әуенді Сарыарқа» халықаралық фестивалі және басқа да көптеген шаралар. Өзі атын алып отырған театр алдына көрнекті режиссер Константин Сергеевич Станиславскийдің ескерткішінің ашылуы туралы ерекше атап өту керек. Ескерткішті ашу рәсімі еліміздің Премьер-Министрі Кәрім Мәсімовтің, Ресей Федерациясының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті еншісі Михаил Бочарниковтың және мәскеулік театр жұртшылығының қатысуымен өтті.

Тұтасымен 2009 жылдың қорытындысы мәдениет саласында оң өзгерістерге жетіп, бірқатар елеулі мәселердің шешілгендігін көрсетеді. 2008 жылмен салыстырғанда мәдениет нысандарының мемлекеттік торабы 24 бірлікке артып, 656 мәдениет және өнер нысанын құрады. Осы саланы ұстап тұруға және дамытуға 4 млрд 984 млн. теңге бөлінді.

«Жол картасы» бағдарламасы бойынша 2,3 млрд. теңге сомаға ондаған мәдениет мекемелері жөнделді. Жаңарған және қайта құрылған ғимараттардың қатарында – Карлагтың бұрынғы басқармасы - «Долинка поселкесіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының мұражайы», Теміртау балалар мен жасөспірімдер театры және т.б., соның ішінде ауылдағы мекемелер.

Елбасының Қарағанды облысының билік орындарына тапсырмаларын орындау мақсатында өткен жылы спортты одан әрі дамыту және салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде үлкен жұмыс жүргізілді. Спортты дамытуға облыстық бюджеттен 2008 жылғы 1 млрд 78 млн. теңге орнына 3,5 млрд-қа жуық теңге қаржыландыру бөлінді. «Жол картасы» өңірлік бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде 2009 жылы жалпы сомасы 441 млн. теңгеге 14 спорт нысаны жөнделді.

Олимпиада ойындарына қатысуға сапалы дайындық жасау үшін Қарағанды облысының әкімдігі «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-мен Ванкуверде (Канада) 2010 жылы өтетін ХХІ қысқы олимпиадалық ойындарына, 2010 жылғы ХҮІ жазғы Азия ойындары, 2011 жылғы Астана – Алматы қалаларындағы ҮІІ қысқы Азия ойындарына, 2012 жылғы ХХХ-шы жазғы олимпиадалық ойындарына (Лондон) қатысуға 5 үміткерге қаржылық көмек

көрсету жөнінде меморандум жасалды. Әкімдіктің қаулысымен «Қарағанды облысының туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының 2010-2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары» бекітілді.

Өткен жылы «Қарағанды облысының 2006-2012 жылдарға арналған автомобиль жолдарын дамыту» өңірлік бағдарламасына сәйкес жолдарды жөндеу жөніндегі жұмыс жалғасын тапты. Осы мақсатқа 5 млрд. 119 млн. теңге, соның ішінде республикалық бюджеттен 2 млрд 56 млн. теңге бөлінді. «Жол картасы» аясында 1 млрд 94 млн. теңге жалпы сомаға автомобиль жолдарының 28 телімі жөнделді, 1507 жаңа жұмыс орны құрылды. Тұтас алғанда 452 километр жол жөнделді, соның ішінде облыстық және аудандық дәрежедегі автомобиль жолдарын – 10км қайта құру, 40 км күрделі және 402 км орта жөндеу.

Қазіргі уақытта облыста 270 автобус маршруты бойынша жолаушылар мен жол жүгін тасымалдау жүзеге асырылады, соның ішінде 115 қалаішілік, 54 қала маңы және 79 қалааралық ішкіоблыстық маршруттар, бұлар 233 елді мекенді қатынаспен қамтиды. Маршруттардың жалпы саны ішінен 133-і әлеуметтік маңызды болып табылады, оны ұйымдастыруға облыстық бюджеттен 2009 жылы 470 млн. теңге бөлініп, толық игерілді. 2010 жылы бұл мақсатқа 530 млн. теңге бөлінді.

Барлығы 44 елді мекенді қамтитын 11 әлеуметтік маңызы бар теміржол маршруттары ұйымдастырылды. Осы мақсатқа 511 млн. теңге бөлінді. 2010 жылы осы бағдарлама бойынша 914 млн.теңге қарастырылған.

2010 жылдың сәуір айынан бастап облыстың ішкі әуе маршруты Қарағанды-Жезқазған-Қарағанды қызмет көрсете бастайды, оны қаржыландыруға облыстық бюджеттен 46,7 млн. теңге бөлінді.

Байланыс жөнінде айтатын болсақ, 436 селолық елді мекендердің 434-не телефон орнатылған, 50 адамнан кем тұрғыны бар тағы екі елді мекен қалды. Облыста 374 телефон станциясы жұмыс істейді, оның 205 қалалық АТС және 169 селолық станция.

Ішкі саясат саласында ерекше назарға ел Президентінің «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Жолдауында қойылған міндеттерге сәйкес қоғамда келісім мен тыныштықты сақтау алынды. Жолдауда дағдарысты жеңуге байланысты негізгі міндеттер мен қоса тұрғындарды жұмыспен қамту, жұмыссыздыққа жол бермеу, тұрмысы төмен топтарды әлеуметтік қорғауға бағытталған шаралар анықталған еді.

Осы міндетті шешу үшін 2009 жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша 49 БАҚ жұмыс жасады, оның жартысы мемлекеттік емес. Оларды қаржыландырудың жалпы сомасы 273 млн.теңге болды, бұл 2008 жылмен салыстырғанда 85 млн.теңгеге көп.

141 ақпараттық-насихаттық топтың мүшелері Мемлекет басшысының Жолдауын насихаттауға арналған 4 мыңға жуық кездесу өткізіп, оған 260 мыңнан астам адам қамтылды.

Азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастық белсенді жүргізілді. Облыста саяси партиялардың 10 филиалы, 482 үкіметтік емес ұйымдар, 413 діни бірлестіктер, 71 ұлттық-мәдени орталықтар, 22 кәсіподақ ұйымы бар.

Мемлекеттік органдар, саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар және кәсіподақтың қатысуымен ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылып, соның аясында әлеуметтік маңызды мәселелерді шешу жөніндегі қоғамдық кеңес құрылып, жұмыс істеді.

Саяси партиялардың өкілдері «Жол картасы» аясында әлеуметтік нысандарды жөндеу және салуға бақылау жасау, мемлекеттік тапсырыс бойынша конкурстық және сараптау комиссияларына қатысады.

Үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе жұмыс істеу үкімет пен қоғамның өзара байланысын нығайтуға себеп болды. Үкіметтік емес органдарды қолдау қоғамдық маңызы бар жобалар мен бағдарламаларды мемлекеттік тапсырыс арқылы іске асырылды. Олар нашақорлық, қоршаған ортаны қорғау, гендерлік теңдік, үкіметтік емес секторды дамыту және т.б. проблемаларды шешуге көмектеседі. 150 әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру үшін облыстық және жергілікті бюджеттерден 116,7 млн. теңге бөлінді.

Жастармен жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлінді. Біздер жас адамдарды өздерінің проблемаларын шешуге, солардың қоғамдық әлеуетін белсенді етуге тырысамыз. Мысалы, жастар кәсіпкерлігін қолдау жобасы аясында облыс әкімінің 100 мың теңгелік 17 грантын село жастары алды.

Тұңғыш рет облыс әкімінің сыйлығы жас ғалымдарға берілді. Жастар ортасында белгілі болған жемісті ғылыми, кәсіби, қоғамдық қызмет үшін жастарға облыс әкімінің «Қайнар» сыйлығы тапсырылды. Мемлекеттік тапсырыс арқылы 54 жастар жобасы іске асырылды.

Жастарды жаз айларында еңбекпен қамтуда құрылыс отрядтары және «Жасыл ел» еңбек отрядтары маңызды орын алады. 2009 жылы осындай 244 отряд құрылып, оған 7,5 мың адам тартылды. Олар 230 млн. теңгеден астам соманың жұмыстарын атқарды.

Мемлекеттік органдар дәстүрлі дін өкілдерімен бірлесе отырып дінаралық шыдамдылық, діни лаңкестіктің алдын алу, дінаралық келісімді нығайту жолында бірлесе жұмыс атқарып келеді.

Көп ұлтты Қарағанды облысында 71 этно-мәдени бірлестіктер жұмыс жасайды. Оларды қолдауға жыл сайын облыс әкімі мен аймақ әкімдерінің гранттары беріледі.

Ішкі саясат саласындағы біздің жұмысымыздың нәтижесі ретінде облыс тұрғындарының 83,1%-і қоғамдық-саяси жағдайды тұрақты деп санайуын және ел Президентінің саясатына облыс тұрғындарының 92,6%-і сенім білдіруін айтуға болады.

Биылғы жылы біздер Жеңіс күнін, ел Конституциясының 15 жылдығын лайықты атап өтеміз. Қазақстан Магниткасының іске қосылуын және алғашқы шойын балқытудың 50 жылдығына арналған шаралар республикалық масштабта атап өтілетін болады. Осы оқиғаларға арналған барлық шаралар есте қаларлықтай болып, патриотизмнің, еліміз бен халқымыз үшін мақтан сезімін тудыратындай болуына барынша күш жұмсайтын боламыз.

Өткен жылы 13 қарашада болған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың тікелей байланысы қоғамда үлкен қолдау тапты. Облыс тұрғындары мемлекет басшысының атына 1440 сұрақ пен өтініштер жіберді.

Оның жауаптары сайтта жарияланып, 92-іне БАҚ арқылы жауап берілді.

Ол сұрақтардың сипатына қарағанда 278-і тұрғын үй және коммуналдық шаруашылыққа байланысты түсті. Сонымен бірге әлеуметтік қорғауға байланысты 219 сұрақ болды, соның ішінде зейнетақы, шахтерлер мен металлургтерге регресстік төлемдер, мақсатты әлеуметтік жәрдемақы, материалдық көмек беру мәселелері болды. Денсаулық сақтауға қатысты түскен 78 өтініштің 7-і шағым болды, бірақ оның 4-і расталмады. Қалған 54 өтініш ақпараттық сипатта болды. Білім беруге қатысты 39 сұрақ түсті, өтініш иелеріне тиянақты жауаптар берілді.

Индустриалдық-инновациялық дамуға қатысты 6 сұрақ түсті. Бұл сұрақтарға байланысты мынадай жауап берілді. Қазіргі кезде үкімет екі бөліктен тұратын, яғни аймақтық және республикалық «Елді индустриалдандыру картасын» жасап жатуына байланысты мемлекеттік индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы іске асырылатын болады.

Толғақты мәселелерге талдау жасау кезінде мемлекеттік тұрғын үй қорынан пәтер бөлудің өзекті екендігін көрсетті. Бұл әрбір адамның тұрмыс жағдайын жақсартуға тілек білдіруі, сонымен қатар тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасының беретін мүмкіндіктерімен байланысты.

Өтініштерге талдау жасау, сондай-ақ сапалы коммуналдық қызметке байланысты тұрғындардың сұранысын қанағаттандырудағы энергетиканы басқарудың стратегиялық жоспарына түзету енгізуге мүмкіндік берді.

Денсаулық сақтау саласында аймақ тұрғындарын жақын және алыс шет елдерде емделуге және қымбат операциялар жасауға квота бөлу және қаржылай көмек жасау проблемалары толғандырады.

Мектепке дейінгі балалар мекемелерінің жетіспеушілігі, ауылдық жердегі оқу орындарын жөндеу, мектеп аулаларын абаттандыру мәселелері өткір қойылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің тікелей эфирі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі тұрғындардың ақпарат алу мүмкіндігін беріп, азаматтардың мемлекеттік органдардың жұмыстарына оң көзбен қарап, сенім білдіруіне ықпал етті.

Облыс әкімдігінің қызметінде азаматтардың өтінішімен жұмыс жасау маңызды орында. Мұндай кезде түскен әрбір өтінішті мұқият қарауға көңіл бөлінеді. Облыс тұрғындарына түсетін өтініштердің тақырыбы өте кең. Соның ішінде жер телімдерін заңсыз бөлу, тұрғын-үйді заңсыз беру, оралмандардың жұмысқа орналасалмауы және әлеуметтік мәселелердің шешілмеуіне шағым көп. Осы сұрақтарға тиісті шаралар қолданылып, оларды шешу қолға алынды.

Азаматтардан түскен хат-хабарлардың ішінде аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға қатысты сұрақтар да бар. Жалақы, зейнетақы, өтемақыларды тұрақты төлеу нәтижесінде әлеуметтік мәселелер жөніндегі шағымдар 20%-ке азайды.

Бұдан әрі де азаматтардың өтініштері ескерусіз қалмайды, оның әрбіреуі бойынша нақты шешім алынады.

Енді, өткен жылғы облыс әкімінің, сондай-ақ қалалар мен аудандар әкімдерінің есептерінде айтылған азаматтардың өтініштері мен тілектері қалай

орындалып жатқаны жөнінде бірер ауыз сөз. Барлығы 313 өтініш түскен, оның көпшілігі әлеуметтік маңыздағы мәселелер, оның барлығы бүгінгі күнге дейін орындалды. Мысалы, Абай ауданының Құлайғыр селосында ішкі поселкелік электр жүйелеріне, Бұқар жырау ауданындағы Ақбел селосындағы мектептің төбесі жөнделіп, Қарағанды – Семізбұғы маршруты бойынша автобус қозғалысы қалпына келтірілген, Осакаров ауданындағы Николаев селолық округінің телефон байланысын жақсартуға шара қолданылды, Қарағанды қаласындағы № 85 мектепте мемлекеттік тілде оқытатын қосымша сыныптар ашылды. Мұндай мысалдар көп.

Табиғат қорғау шараларына 2009 жылы 113,6 млн.теңге бөлінді. Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде облысымызда экологиялық жағдайды тұрақтандырып, қоршаған ортаны ластауды азайту, өзендер мен ормандардың санитарлық жағдайын жақсарту жұмыстары атқарылды.

Соқыр өзенінің аясы тазаланып, Саран қаласындағы «Маяк» сая-жай маңында жағалауды бекіту жұмыстары жасалды. Жаңаарқа ауданындағы Қараағаш су қоймасын қалпына келтіру жұмыстары, Қарағанды – Теміртау күре жолындағы бұрынғы сая-жай учаскелерінің құлаған ғимараттары мен тұрмыстық қалдықтары тазартылды.

Су нысандарын қорғауға шаралар қолданылды. Мүдделі мемлекеттік органдармен бірге барлық гидротехникалық жабдықтарды, суландыру жүйелерін меншік түріне қарамастан инвентаризациялау және паспорттау жұмысы жүргізілді.

Құқық тәртібін нығайтуды тиімді әрі жоспарлы жүргізу үшін қылмыс, сыбайлас жемқорлық, наркобизнес, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық, экстремизм көріністеріне қарсы тұру, жол қозғалысы қауіпсіздігін сақтауға қатысты аймақтық бағдарламалар іске асырылуда.

Қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысты қоғамдық институттар мен құрылымдарды тарту жұмысы жүргізілді. Бүгінгі күнде облыста осындай 300 құрылым жұмыс істейді, оның құрамында 4000 адам бар. Сонымен қатар көп қабатты үйлердің кіреберістерін күзететін «консьерждер» институты, ал селолық жерлерде «Сарбаздар» және «Сақшы» отрядтары жұмыс жасайды.

Оқушы жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында облыстың кейбір жоғары оқу орындарында 14 студенттік отряд құрылған. Олардың міндеті оқу орындары мен студенттік жатақханаларында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету. Сонымен бірге, түрлі ұйымдар мен бірлестіктер қызметкерлері қамтылған ерікті халық дружинасы сияқты қоғамдық тәртіпті сақтауға қауымды тарту формасы қолға алынып келеді.

2009 жылы қосымшы 50 бейнебақылау камерасы орнатылды. Бүгінгі күнде жалпы 238 бейне камера жұмыс жасап, соның нәтижесінде қылмыс пен әкімшілік қылмыс бұзушылық, соның ішінде жол полициясы саласында тәртіп бұзушылықты анықтау мүмкін болды.

Сыбайлас жемқорлықпен қарсы күреске үнемі назар аударылып келеді. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес барлық мемлекеттік органдардың басшыларына сыбайластықпен күреске қарсы тұру міндеті жүктеліп, оларға жеке жауапкершілік белгіленген.

Қалалар мен аудан әкімдеріне, барлық деңгейдегі басшыларға өздеріне тапсырылған мемлекеттік органдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртіп бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын басқару тапсырылған. Сонымен бірге мемлекеттік органдардың ережелеріне және мемлекеттік үлесі бар ұйымдардың жарғыларына сыбайлас жемқорлықпен күрес міндетін басшыларға жүктейтін қосымшалар енгізу жұмыстарын жалғастыру керек.

Осы жарлықты орындау мақсатында облыс әкімдігі 2009 – 2010 жылдар арналған Қарағанды облысында сыбайлас жемқорлықпен күрес шараларының екінші кезеңін жасады. Осы шараларға байланысты барлық мемлекеттік органдар сыбайластыққа қарсы тұрып, осы әлеуметтік қасырет көріністеріне шара қолдану қарастырылған.

2009 жылы тәртіптік кеңестің ұсынуымен жауапкершілікке 107 мемлекеттік қызметші тартылды, соның ішінде 23-і сыбайластық құқық бұзушылық үшін және 84-і мемлекеттік қызмет туралы заң мен мемлекеттік қызметшінің Ар-намыс кодексін бұзғаны үшін. Тәртіптік кеңес жұмысының қорытындысы бойынша мемлекеттік тәртіпті нығайту, сыбайластық заңының талаптарын сақтауға байланысты 169 ұсыныс жасалды.

Билік органдарының жүйелі әрі мақсатты жұмыстарының нәтижесінде тұрғындардың төтенше жағдайлардан сақтауды қамтамасыз етуде оң өзгерістер болды. «2009 жылы Қарағанды облысында басқару органдарын, азаматтық қорғаныс күштерін, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою шараларының жоспарына» сәйкес облыстың басқару органдары мен қызметтері республикалық «Протон-2009», «Көктем-2009», «Жер-2009», «Қыс-2009» командалық-штабтық жаттығуларын өткізуге белсенді қатысты. 2009 жылдың қыркүйек айында АН1N1 тымауының алдын алу және жою жөнінде командалық-штабтық жаттығу өткізілді.

Тұрғындардың қауіпсіздігіне назар аударуға облыстық ТЖ-нің алдын алу және жою жөніндегі облыстық комиссияның жұмысы бағытталды. Есепті мерзім ішінде осы комиссия басқару органдары, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі күштермен облыстық жүйелердің жұмысын жетілдіруге, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда әрекет етуге тұрғындарды даярлау бағытында жұмыс жасады.

Облыс аймағындағы өрт қауіпсіздігіне бақылау қосмостық мониторингіні пайдалану арқылы жүргізіліп, өрт сөндіру қызметі, селолық аудандар мен округтер әкімдерінің ерікті өрт сөндіру дружиналарын тартуы нәтижесінде өрт жағдайы азайып, ауыл шаруашылығына келтірген зиян төмендеді. Азаматтардың қауіпсіздігін, экономика салаларының жұмысын қамтамасыз ету облыс басшылығының үнемі назарында.

Биылғы жылы еліміздің үдемелі индустриалдық-инновациялық дамуының бес жылдық жоспары бастау алды. Сол себепті біздерге бірінші кезекте облыстың жаңа өнеркәсіп саясатының тәсілдерін анықтап, аймақтың өнеркәсіп әлеуетін барынша пайдалануға бағытталған инвестициялық шешуші жобалардың тізімін нақтылау керек. Отандық металлургияның флагманы - «АрселорМитталТеміртау» және «Қазақмыс» корпорациялары Қарағанды мен облыстың машина жасау саласының жетекшісі болуға тиісті.

Мемлекет басшасының ірі өнеркәсіп өндіріс орындарының маңында шағын және орта бизнес кәсіпорындарын құру жөніндегі тапсырмасын орындауды сөзсіз қамтамасыз ету керек.

Аймақта кәсіпкерлікті дамыту үшін мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің мүмкіндіктерін белсенді пайдаланған жөн. Осы мақсатта біздер мамандандырылған аймақтық орталық құрып отырмыз.

Біздің міндетіміз товар өндірушілерді қолдауға мемлекеттік тетіктерді тиімді пайдалану болып табылады. Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда интенсификация негізгі бағыт болып қалмақ. Бұл арада біздерге шағын шаруа қожалықтарын біріктіру, Қ.Сәтбаев атындағы канал маңында суармалы алқапты қалпына келтіруге кешенді шара қолдану, селолық елді мекендердің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарын жетілдіру жұмыстарын жалғастыруымыз қажет.

Білім беру саласында оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайту, соның ішінде пәндік кабинеттерге қажетті заттарды алу (физика, химия, биология), интерактивтік жабдықтар алып, ескі компьютерлерді алмастыруға қажетті қаражат бөлуді қамтамасыз ету керек. Мектепке дейінгі ұйымдарды дамыту жөніндегі жоспарды сөзсіз орындау қалалар мен аудандар әкімдерінің жұмысын бағалаудағы басты өлшем болуға тиісті.

Денсаулық сақтау саласында аналар мен сәбилердің өлімін төмендетуге, туберкулез сырқатын азайтуға бағытталған барлық шараларды қолдану керек. Денсаулық сақтаудың бірегей ұлттық жүйесі жағдайында стационарлық және оны алмастыратын көмектер көрсететін медициналық ұйымдардың тұрақты жұмысын қамтамасыз еткен жөн.

2010 жылы қарағандылықтар бүкіл еліміз тәрізді екі мереке – Ұлы Жеңістің 65 жылдығын, Қазақстан Магниткасының 50 жылдығын тойлайтын болады. Осы екі тамаша мерекені лайықты атап өту үшін бірде-бір ардагерді ұмыт қалдырмай, оның әрқайсысына қамқорлық пен ілтипат көрсеткен жөн. Бұл жұмысқа барлық мемлекеттік қызметшілер, кәсіпкерлік қырылымның қызметкерлері, үкіметтік емес ұйымдар мен діни бірлестіктердің мүшелері тартылуы керек. Мерекеге даярлану және мерекелеу жастарды патриоттық сезімге тәрбиелеп, ұлтаралық және дінаралық төзімділік, еңбекке және аға ұрпақ ерлігіне құрмет көрсету үлгісіне айналуға тиісті.

Міне, осының барлығы ел Президентінің «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында қойылған ірі міндеттерді жүзеге асырудағы қарағандылықтардың нақты үлесі болмақ.